



Еуразиялық экономикалық комиссия туралы шартты ратификациялау туралы

Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 10 қаңтардағы № 536-IV Заңы.

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Бұл шарт Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарт күшіне енген күнінен бастап қолданылуын тоқтатады - ҚР 14.10.2014 N 240-V Заңымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 113-баптан қараңыз).

2011 жылғы 18 қарашада Мәскеуде жасалған Еуразиялық экономикалық комиссия туралы шарт ратификациялансын.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Н. НАЗАРБАЕВ

Еуразиялық экономикалық комиссия туралы шарт

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы және Ресей Федерациясы,

2000 жылғы 10 қазандағы Еуразиялық экономикалық қоғамдастық құру туралы шартты және 2007 жылғы 6 қазандағы Бірыңғай кеден аумағын құру және кеден одағын қалыптастыру туралы шартты негізге ала отырып,

халықаралық құқықтың жалпыға танылған қағидаттары мен нормаларын басшылыққа ала отырып,

Кеден одағы мен Бірыңғай экономикалық кеңістіктің қызметі және дамуын тиімді қамтамасыз етуде өзара мүдделілікті негізге ала отырып,

төмендегілер туралы келісті:

I бөлім. Жалпы ережелер

1-бап

Тараптар Еуразиялық экономикалық комиссияны (бұдан әрі - Комиссия) Кеден одағы мен Бірыңғай экономикалық кеңістіктің бірыңғай тұрақты әрекет ететін реттеуші органы ретінде құрады.

Комиссияның негізгі міндеті Кеден одағы мен Бірыңғай экономикалық кеңістіктің жұмыс істеуі және даму жағдайларын қамтамасыз ету, сондай-ақ Кеден одағы мен Бірыңғай экономикалық кеңістік шеңберіндегі экономикалық интеграция саласында ұсыныстар әзірлеу болып табылады.

2-бап

Комиссия өз қызметін:

Тараптардың өзара пайдасы, тең құқылығы және ұлттық мүдделерінің ескерілуін қамтамасыз ету;

қабылданатын шешімдердің экономикалық негізділігі;

ашықтық, жариялылық және объективтілік қағидаттары негізінде жүзеге асырады.

3-бап

Комиссия өз қызметін осы Шартта, Кеден одағы мен Бірыңғай экономикалық кеңістіктің шарттық-құқықтық базасын қалыптастыратын халықаралық шарттарда, сондай-ақ Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес шешімдерінде көзделген өкілеттіктер шегінде:

кедендік-тарифтік және тарифтік емес реттеу;

кедендік әкімшілендіру;

техникалық реттеу;

санитариялық, ветеринариялық және фитосанитариялық шаралар;

кедендік әкелу баждарын есепке алу және бөлу;

үшінші елдерге қатысты сауда режимін белгілеу;

сыртқы және өзара сауда статистикасы;

макроэкономикалық саясат;

бәсекелестік саясат;

өнеркәсіп және ауылшаруашылығы субсидиялары;

энергетикалық саясат;

табиғи монополиялар;

мемлекеттік және (немесе) муниципалдық сатып алулар;

өзара қызметтер саудасы және инвестициялар;

көлік және тасымалдаулар;

валюталық саясат;

зияткерлік қызмет нәтижелері мен тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді дараландыру құралдарын күзету және қорғау;

еңбек көші-қоны;

қаржы нарықтары (банк саласы, сақтандыру саласы, валюта нарығы, бағалы қағаздар нарығы);

өзге де салаларда жүзеге асырады.

4-бап

Комиссия Комиссия Кеңесі және Комиссия Алқасынан тұрады. Комиссия Кеңесі және Комиссия Алқасы қызметінің тәртібі мемлекет басшылары деңгейіндегі Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес бекіткен Комиссия жұмысының регламентімен (бұдан әрі - Регламент) реттеледі.

Комиссия өз қызметі шеңберінде құрылымдық бөлімшелерді (бұдан әрі - Комиссия департаменттері) Тараптар мемлекеттері, мемлекет басшылары деңгейіндегі Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің шешімі бойынша үшінші елдер мен олардың бірлестіктерінде, сонымен қатар Халықаралық ұйымдар жанында Комиссия өкілдіктерін құруға құқылы.

Комиссия заңды тұлға құқығын пайдаланады.

5-бап

1. Комиссия өз өкілеттіктері шегінде Тараптар үшін міндетті сипаттағы шешімдерді және міндетті емес сипаттағы ұсынымдарды қабылдайды.

Комиссия шешімдері Кеден одағы мен Бірыңғай экономикалық кеңістіктің шарттық-құқықтық базасына кіреді және Тараптардың аумағында тікелей қолданылады.

2. Комиссия шешімдері мен ұсынымдарын осы Шартта бекітілген өкілеттіктер шегінде және осы Шарт пен Регламентте көзделген тәртіппен Комиссия Кеңесі және Комиссия Алқасы қабылдайды.

Комиссия Кеңесі және Алқасының өкілеттіктері мен функцияларын ажырату Регламентте айқындалады.

3. Егер халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, Комиссия шешімдері ресми жарияланған күнінен бастап кемінде күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

Осы баптың 5-тармағында көрсетілген Комиссия шешімдері, сондай-ақ шұғыл ден қоюды талап ететін ерекше жағдайларда қабылданатын Комиссия шешімдері ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 10 күннен кейін ғана күшіне енудің өзге мерзімін көздеуі мүмкін.

Шұғыл ден қоюды талап ететін ерекше жағдайларда қабылданатын Комиссия шешімдерін, сонымен қатар осы баптың 5-тармағында ескерілген шешімдерді қабылдау тәртібі Регламентпен белгіленеді.

4. Жеке және (немесе) заңды тұлғалардың жағдайын нашарлататын Комиссия шешімдерінің кері күші болмайды.

5. Жеке және (немесе) заңды тұлғалардың жағдайын жақсартатын Комиссия шешімдері, егер олар осыны тікелей көздесе, кері күшке ие бола алады.

6. Комиссияның Регламентте көзделген шешімдерін қоспағанда, Комиссия шешімдері Комиссияның ресми интернет сайтында жариялануға жатады және шешім қабылданғаннан бастап күнтізбелік 3 күннен кешіктірілмей Тараптарға жолданады.

Комиссия шешімінің Интернет желісіндегі Комиссияның ресми сайтында жарияланған күні осы шешімнің ресми жарияланған күні деп танылады.

6-бап

Комиссия өз өкілеттіктерінің шегінде Кеден одағы мен Бірыңғай экономикалық кеңістіктің шарттық-құқықтық базасын қалыптастыратын халықаралық шарттардың іске асырылуын қамтамасыз етеді.

Комиссия Кеден одағы мен Бірыңғай экономикалық кеңістіктің және Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес шешімдерінің шарттық-құқықтық базасын құрайтын халықаралық шарттардың депозитарийі функцияларын атқарады.

Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес Комиссия құзыретіне кіретін мәселелер бойынша халықаралық шарттарға қол қою құқығын Комиссияға беруі мүмкін.

Кеден одағы мен Бірыңғай экономикалық кеңістіктің тиімді қызмет етуін қамтамасыз ету мақсатында Комиссия жекелеген мәселелер бойынша консультациялар өткізу үшін консультативтік органдар құруға құқылы және жекелеген мәселелер бойынша шешімдер қабылдау Комиссия құзыретіне жатады.

Комиссия өз өкілеттіктерін жүзеге асыру үшін қажетті ақпаратты Тараптардың билік органдарынан, жеке және заңды тұлғалардан сұрауға құқылы.

Тараптардың атқарушы билік органдары олардан сұратылып отырған ақпаратта Тараптардың әр мемлекетінің заңнамасына сәйкес мемлекеттік құпияға жатқызылатын мәліметтер немесе таратылуы шектеулі мәліметтер болмаған жағдайда, ақпараттың Регламентте бекітілген мерзімдерге сәйкес берілуін қамтамасыз етеді.

Әр Тарап мемлекетінің заңнамаларына сәйкес мемлекеттік құпияға жатқызылатын мәліметтер немесе әр Тарап мемлекетінің заңнамаларына сәйкес таратылуы шектеулі мәліметтері бар ақпаратпен алмасу тәртібі жеке халықаралық шарттарда бекітіледі.

7-бап

1. Комиссия шешімдерінің қабылдануы осы Шартта бекітілген тәртіппен Комиссия Кеңесі мүшелерінің немесе Комиссия Алқасы мүшелерінің дауыс беруі негізінде жүргізіледі.

2. Комиссиядағы дауыстар мынадай түрде бөлінеді:

а) Комиссия Кеңесі мүшесінің бір дауысы Комиссия Кеңесінде бір дауыс болып табылады.

б) Комиссия Алқасы мүшесінің бір дауысы Комиссия Алқасында бір дауыс болып табылады.

3. Комиссия қызметін қаржыландыру Кеден одағында кедендік әкелу баждар, өзге де баждар, салықтар және баламалы әсері бар алымдарды есепке алу және бөлу тәртібін белгілеу және қолдану туралы 2010 жылғы 20 мамырдағы келісімге сәйкес әр Тарап

үшін кедендік әкелу баждары сомаларын бөлу нормативтеріне пропорционалды анықталатын, Тараптардың үлестік жарналар есебінен қалыптастырылатын кезекті күнтізбелік жылға арналған Комиссия бюджетінің негізінде жүзеге асырылады.

4. Комиссия бюджеті мен Комиссия бюджеті туралы ереже мемлекет басшылары деңгейіндегі Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің бекітуіне жатады.

II бөлім. Комиссия Кеңесі

8-бап

Комиссия Кеңесі Кеден одағы мен Бірыңғай экономикалық кеңістіктегі интеграциялық процестердің жалпы басқарылуын жүзеге асырады, сондай-ақ Комиссия қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады.

Комиссия Кеңесіне тиісті Тарап мемлекетінің заңнамасына сәйкес қажетті өкілеттіктер берілген үкімет басшысының орынбасары болып табылатын әрбір Тараптың бір өкілі кіреді.

Тараптар Комиссия Кеңесіндегі өкіл туралы Регламентте бекітілген тәртіппен бірін-бірі, сондай-ақ Комиссия Алқасын хабардар етеді.

9-бап

Комиссия Кеңесі мынадай функциялар мен өкілеттіктерді жүзеге асырады:

Комиссия қол қоятын халықаралық шарттар жобаларын Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің мақұлдауына ұсынады;

Кеден одағы мен Бірыңғай экономикалық кеңістіктің нормативтік құқықтық базасын жетілдіру бойынша жұмыстарды ұйымдастырады;

Кеден одағы мен, Бірыңғай экономикалық кеңістік шеңберіндегі интеграцияның негізгі бағыттарын Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің бекітуіне енгізеді;

осы Шарттың 13-бабында көзделген тәртіппен Комиссия Алқасы қабылдаған Комиссия шешімдерін жою немесе өзгерту туралы мәселені қарайды;

Кеден одағы мен Бірыңғай экономикалық кеңістіктің шарттық-құқықтық базасын құрайтын халықаралық шарттардың орындалуына мониторинг және бақылау жүргізу туралы мәселені қарайды;

Комиссия Алқасы Төрағасының ұсынысы бойынша Комиссия департаменттерінің тізбесін, олардың штаттық санын, сондай-ақ олардың Комиссия Алқасы мүшелерінің арасындағы бөлінуін бекітеді;

Комиссия департаменттерінің қызметкерлерінің біліктілік талаптарын бекітеді;

Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың артықшылықтары мен иммунитеттері туралы 2001 жылғы 31 мамырдағы Конвенцияда көзделген негіздемелер бойынша

Комиссия қызметкерлерінен артықшылықтар мен иммунитеттерді алу туралы шешім қабылдайды;

Комиссия бюджетін мақұлдайды;

Комиссия Алқасы мүшелерінің және Комиссия департаменттері қызметкерлерінің еңбекақы төлеу тәртібін мақұлдайды;

Комиссия департаменттерінің штат санының жалпы шегін мақұлдайды және мемлекет басшылары деңгейіндегі Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің бекітуіне шығарады;

осы Шарт Тараптарының мемлекеттерінде Комиссия өкілдіктерін құру туралы шешім қабылдайды;

осы Шартта көзделген Комиссия департаменттеріне Тараптар азаматтарының жұмысқа орналасу құқықтарының сақталуын қамтамасыз ету мақсатында Комиссия Кеңесі жанынан этика жөніндегі комиссия құрады және оның ережесін бекітеді;

Комиссия Алқасына тапсырмалар береді;

Регламентке сәйкес басқа да функциялар мен өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Кеңес немесе Алқа шешімін қабылдау алдында Комиссия Кеңесі осы Шарттың 19-бабына сәйкес құрылған консультативтік орган шеңберінде Комиссия Алқасы консультациялар өткізуге міндетті мәселелерді анықтауға құқылы.

Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес Комиссияға Тараптар атынан халықаралық шарттарға қол қою құқығын берген жағдайда Комиссия Кеңесі өз шешімімен Регламентте бекітілген тәртіпке сәйкес:

Комиссия құзыретіне кіретін мәселелер бойынша халықаралық шарттарға Комиссия Алқасы Төрағасына қол қою;

Комиссия Алқасы мүшесіне оның қызметінің аясына кіретін мәселелер бойынша келіссөздер жүргізу құқығын беруге құқылы.

10-бап

Комиссия Кеңесінің отырыстары Регламентке сәйкес өткізіледі.

Комиссия Кеңесінің кез келген мүшесі Комиссия Кеңесі отырысын өткізуге бастамашы бола алады, сондай-ақ күн тәртібіне ұсыныстар енгізе алады.

Кеңес отырыстарына Комиссия Алқасының Төрағасы, сондай-ақ Комиссия Кеңесінің шақыруы бойынша Комиссия Алқасының мүшелері қатысады. Комиссия Кеңесінің мүшелері Комиссия Кеңесінің отырыстарына Тараптардың өкілдерін шақыра алады.

Комиссия Кеңесінің отырыстарына Комиссия Кеңесінің барлық мүшелері қатысса, Комиссия Кеңесінің отырыстары заңды болып саналады.

11-бап

Комиссия Кеңесіне Төрағалық ету Тараптар мемлекеттерінің атауы бойынша орыс әліпбиіндегі ретпен 1 жыл бойы кезекпен жүзеге асырылады.

Комиссия Кеңесі Төрағасының өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда, Төрағалық етуші Тарап Комиссия Кеңесінің жаңа мүшесі қалған мерзімде Комиссия Кеңесі Төрағасының өкілеттіктерін жүзеге асырады.

Комиссия Кеңесінің Төрағасы:

Комиссия Кеңесінің кезекті отырысының қарауына енгізілетін мәселелерді дайындауға жалпы басшылық етуді жүзеге асырады;

күн тәртібін айқындайды;

Комиссия Кеңесінің отырыстарын ашады, жүргізеді және жабады.

12-бап

Комиссия Кеңесі өз өкілеттіктерінің шегінде шешімдер және ұсынымдар қабылдайды.

Комиссия Кеңесі шешімдерді консенсуспен қабылдайды.

Егер консенсусқа қол жеткізілмесе, онда мәселе Комиссия Кеңесінің кез келген мүшесінің ұсынысы бойынша Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің қарауына беріледі.

13-бап

Кез келген Тарап немесе Комиссия Кеңесінің мүшесі Комиссия Алқасы шешім қабылдаған күннен бастап күнтізбелік 10 күн ішінде оны жою немесе өзгерту туралы ұсынысты Комиссия Алқасына енгізуге құқылы.

Комиссия Алқасы Тарап немесе Кеңес мүшесінен өтініш алған сәттен бастап күнтізбелік 5 күн ішінде Комиссия Кеңесі мүшелеріне көрсетілген шешім бойынша материалдар жолдайды.

Комиссия Кеңесі көрсетілген шешім бойынша Комиссия Алқасының материалдары түскеннен кейін оны қарап, күнтізбелік 10 күн ішінде шешім қабылдайды.

Кеңестің қабылдаған шешімімен келіспеген Тарап Комиссия Алқасы шешімін жою немесе өзгерту туралы мәселені Комиссия Кеңесі қарағаннан кейін немесе осы баптың үшінші абзацына сәйкес осындай қарауға және шешім қабылдауға көзделген мерзім аяқталғаннан кейін, бірақ Кеңес шешімі ресми жарияланған күнінен бастап 30 күннен кешіктірмей Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің қарауына жоюға немесе өзгертуге ұсынылған Комиссия Алқасы шешіміне қатысты мәселені енгізу туралы ұсыныспен Комиссияға үкімет басшысының қолы қойылған хат жолдауы мүмкін.

Осы Шарттың 5-бабы 3-тармағының екінші абзацында көрсетілген Комиссия шешімдеріне қатысты кез келген Тараптың үкімет басшысы осы шешімдерге қатысты

мәселелерді Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес қарауына енгізу ұсынысымен олардың күшіне енуіне дейін кез келген сатыда Комиссияға жүгінуге құқылы.

Комиссия Алқасының жоюға немесе өзгертуге ұсынылатын шешімі/осы баптың төртінші және бесінші абзацтарына сәйкес оны Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес қарастырған және консенсуспен шешім қабылдаған күнге дейін күшіне енбейді.

III бөлім. Комиссия Алқасы

14-бап

Комиссия Алқасы Кеден одағы мен Бірыңғай экономикалық кеңістік шеңберіндегі одан әрі интеграциялау саласындағы ұсыныстарды әзірлеуді жүзеге асыратын Комиссияның атқарушы органы болып табылады. Комиссия Алқасы біреуі Комиссия Алқасының Төрағасы болып табылатын Комиссия Алқасының 9 мүшесінен тұрады.

Комиссия Алқасы Комиссия департаменттеріне басшылықты жүзеге асырады.

15-бап

Комиссия Алқасының құрамына әрбір Тараптан Комиссия Алқасының 3 мүшесі кіреді.

Комиссия Алқасының мүшесі өзі өкілдік ететін Тараптың азаматы болуы тиіс.

Тараптар Алқасының мүшелері мынадай талаптарды қанағаттандыруы тиіс:

лауазымдық міндеттерге сәйкес кәсіби дайындығы (біліктілігі) болуы, сондай-ақ лауазымдық міндеттер бейіні бойынша еңбек өтілі 7 жылдан кем болмауы, оның ішінде Тараптардың мемлекеттік органдарында 1 жылдан кем емес уақытта лауазымда орналасуы тиіс.

Комиссия Алқасының мүшелері Комиссияда тұрақты негізде жұмыс істейді. Комиссия Алқасының мүшелері өздерінің қызметтік міндеттерін орындау кезінде Тараптардың мемлекеттік органдары мен лауазымдық тұлғаларынан тәуелсіз және Тараптардың билік органдарынан немесе ресми тұлғаларынан нұсқаулар сұрата алмайды және ала алмайды.

Комиссия Алқасының мүшелері мемлекет басшылары деңгейінде Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің шешімімен өкілеттіктерін ұзарту мүмкіндігімен 4 жыл мерзімге тағайындалады.

Комиссия Алқасының Төрағасы мемлекет басшылары деңгейіндегі Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің шешімімен 4 жыл мерзімге тағайындалады. Комиссия Төрағасының ротациясы Тараптардың атауы бойынша орыс әліпбиінің тәртібімен кезектесіп жүзеге асырылады.

Комиссия Алқасы мүшелерінің өз өкілеттіктерінің әрекет ету мерзімінде оқытушылық, ғылыми және шығармашылық қызметтен басқа, өзге ақылы қызметпен айналысуына немесе осы жұмысты басқа жұмыспен қоса атқаруға құқығы жоқ.

Бұл қағидаттардың кез келгенінің бұзылуы осы Шарт және Регламентте белгіленген тәртіппен Комиссия Алқасы мүшесінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатуға негіз болып табылады.

16-бап

1. Алқа мүшелерінің:

- а) коммерциялық ұйымды басқару органының қызметіне ақылы негізде қатысуға;
- б) кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға;

в) лауазымдық міндеттерін атқаруға байланысты жеке және заңды тұлғалардан сыйақылар (сыйлықтар, ақшалай сыйақылар, несиелер, қызметтер, ойын-сауық төлемдерін, демалыс, көліктік шығыстар және өзге де сыйақылар) алуға, Хаттамалық іс-шараларға, қызметтік іссапарларға және басқа да ресми іс-шараларға байланысты Комиссия Алқасының мүшесі алған сыйлықтар Комиссияның меншігі болып танылады және Комиссияға акт бойынша беріледі. Хаттамалық іс-шараға, қызметтік іссапарға және басқа да ресми іс-шараға байланысты алынған сыйлықты тапсырған Комиссия Алқасының мүшесі Комиссия Алқасының ұсынысы бойынша Комиссия Кеңесі бекіткен тәртіппен оны сатып алуы мүмкін;

г) Тараптардың халықаралық шарттарына сәйкес немесе Тараптар және өзге мемлекеттердің мемлекеттік органдар, халықаралық және шетелдік ұйымдар арасындағы уағдаластық бойынша өзара негізде жүзеге асырылатын қызметтік іссапарларды қоспағанда, жеке және заңды тұлғалар есебінен лауазымдық міндеттерін атқаруға байланысты сапарларды жүзеге асыруға;

д) лауазымдық міндеттерді атқарумен байланысы жоқ мақсатта материалдық-техникалық және өзге де қамтамасыз ету құралдарын, Комиссияның басқа да мүлкін қолдануға, сондай-ақ оларды өзге тұлғаларға беруге;

е) лауазымдық міндеттерді атқарумен байланысы жоқ мақсатта құпия сипаттағы мәліметтерге жататын мәліметтерді немесе лауазымдық міндеттерді атқарумен байланысты оған белгілі болған қызметтік ақпаратты жариялауға немесе пайдалануға;

ж) саяси партиялар, басқа да қоғамдық бірлестіктер, діни бірлестіктер мен басқа ұйымдар мүддесі үшін лауазымдық өкілеттіктерін пайдалануға, сондай-ақ егер бұл оның лауазымдық міндеттеріне жатпайтын болса, Комиссияның Алқа мүшесі ретінде көрсетілген бірлестіктер мен ұйымдарға қарым-қатынасын жария білдіруге;

з) Комиссияның Алқасында саяси партиялар, басқа да қоғамдық бірлестіктер (кәсіподақтар, ардагерлік және басқа да өздігінен әрекет ететін қоғамдық органдарды

қоспағанда) мен діни бірлестіктердің құрылымдарын құруға немесе көрсетілген құрылымдардың құрылуына ықпал етуге құқылы емес.

2. Комиссия Алқасының мүшесі табыс әкелетін бағалы қағаздар және/немесе акциялар (ұйымдардың жарғылық капиталдарына қатысу үлесі) иемденушісі болған жағдайда, ол ақылға сыйымды мерзімде өзіне тиесілі көрсетілген бағалы қағаздар және (немесе) акцияларды (ұйымдардың жарғылық капиталдарына қатысу үлесі) сенімді басқаруға беруге міндетті.

3. Осы баптың 1 және 2-тармақтарында белгіленген шектеулер Комиссия департаменттерінің қызметкерлеріне де қолданылады.

4. Осы баптың 1 және 2-тармақтарында және Шарттың 15-бабында белгіленген кез келген шектеулердің бұзылуы осы Шартта және Регламентте белгіленген тәртіппен Алқа мүшесінің, Комиссия департаменті қызметкерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатуға негіз болып табылады.

17-бап

Әр тарап мемлекет басшылары деңгейіндегі Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңеске осы Шарттың 15-бабында белгіленген квотаны ескере отырып, Комиссия Алқасы мүшесінің лауазымына кандидатуралар ұсынады.

Комиссия Алқасы Төрағасын қоса алғанда, Комиссия Алқасы мүшелерінің дербес құрамын Тараптардың ұсынуы бойынша мемлекет басшылары деңгейіндегі Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес бекітеді.

Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес Комиссия Алқасы мүшесінің кандидатурасын бекітпеген жағдайда, Тараптар күнтізбелік 30 күн ішінде жаңа кандидатура ұсынуға міндетті.

Өзінің лауазымдық міндеттерін адал орындамаған немесе осы Шарттың 15 және 16-баптарында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, Тараптардың Комиссия Алқасының мүшесін қайтаруға құқығы жоқ.

Комиссия Алқасы мүшесінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату (ерікті отставка жағдайларын қоспағанда) мемлекет басшылары деңгейіндегі Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес шешімінің негізінде Тараптың ұсынуы бойынша жүзеге асырылады.

Комиссия Алқасы мүшесінің өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда, егер мемлекет басшылары деңгейіндегі Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес басқа шешім қабылдаса, алдындағы өкілеттіктері тоқтатылған Комиссия Алқасының жаңа мүшесі алдындағы өкілеттіктері тоқтатылған Комиссия Алқасы мүшесін ұсынған Тараптың ұсынуы бойынша қалған өкілеттік мерзіміне тағайындалады.

Комиссия Алқасы мүшелерінің арасындағы міндеттерді бөлу, сондай-ақ Комиссия департаменттерінің жалпы шекті штат санын және Комиссия департаменттері

қызметкерлері мен Комиссия Алқасы мүшелеріне еңбекақы төлеу тәртібін, оның ішінде оларды ақшалай ұстау мемлекет басшылары деңгейіндегі Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес бекітеді.

18-бап

Комиссия Алқасы мынадай функциялар мен өкілеттіктерді жүзеге асырады:

интеграциялаудың негізгі бағыттарын әзірлеу және іске асыруды қоса алғанда, Кеден одағы мен Бірыңғай экономикалық кеңістік шеңберіндегі интеграциялау саласындағы ұсыныстар әзірлеуді жүзеге асырады;

шешімдер және ұсыныстар қабылдайды;

Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес қабылдайтын шешімдерді және Комиссия Кеңесі қабылдайтын шешімдерді орындайды;

Кеден одағы мен Бірыңғай экономикалық кеңістіктің шарттық-құқықтық базасын құрайтын халықаралық шарттардың орындалуына мониторинг және бақылауды жүзеге асырады;

Комиссия шешімдерін Тараптардың орындауына мониторинг және бақылауды жүзеге асырады;

Тараптарға халықаралық шарттарды және Комиссия шешімдерін орындау барысындағы бұзушылықтарды жою туралы орындалуы міндетті хабарламалар жолдайды;

интеграциялаудың негізгі бағыттарын іске асыру туралы Комиссия Кеңесінде жыл сайын есеп береді;

Кеден одағы мен Бірыңғай экономикалық кеңістікті қалыптастыру, жұмыс істеуі және дамыту мәселелері бойынша ұсынымдар дайындайды;

оның құзыретіне жататын мәселелер бойынша Комиссия өкілеттіктерінің іске асырылуын қамтамасыз етеді;

Комиссияға келіп түскен Тараптардың ұсыныстарына жазбаша түрде сараптамалық қорытындылар дайындайды;

Еуразиялық экономикалық қоғамдастық Сотына жүгінгенге дейін Кеден одағы мен Бірыңғай экономикалық кеңістік шеңберіндегі дауларды реттеуде Тараптарға жәрдем көрсетеді;

Еуразиялық экономикалық қоғамдастығының Сотын қоса алғанда, сот инстанцияларында Комиссия мүдделерін білдіруді қамтамасыз етеді;

өз өкілеттіктерінің шеңберінде Тараптардың мемлекеттік билік органдарымен өзара іс-қимылын жүзеге асырады;

Комиссия бюджетінің жобасын әзірлеуді және оны орындауды, сондай-ақ оның орындалуы туралы есеп жобаларын дайындауды жүзеге асырады;

Комиссия Кеңесі қабылдайтын халықаралық шарттар мен Комиссия шешімдерінің жобаларын, сондай-ақ Комиссияның өкілеттіктерін іске асыру үшін қажетті басқа да құжаттарды әзірлейді.

Комиссия Алқасы жанынан консультативтік органдар құрады;

Комиссия Кеңесі мен Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес отырыстарын өткізуді қамтамасыз етеді;

Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың артықшылықтары мен иммунитеті туралы 2001 жылғы 31 мамырдағы Конвенциямен берілетін Комиссияның лауазымдық тұлғалары мен қызметкерлерін артықшылықтар мен иммунитетінен босату туралы ұсыныстарды Кеңеске ұсынады;

Комиссияның өкілдіктеріне басшылықты жүзеге асырады;

Комиссия Алқасының ұсынысы бойынша Комиссия Кеңесі бекітетін ережемен белгіленген тәртіппен Комиссия мұқтаждықтары үшін тауарлар жеткізу, жұмысты орындау, қызметтер көрсетуге тапсырыстар орналастырады және шарттар жасасады;

Комиссия Алқасының ұсынысы бойынша Комиссия Кеңесі бекітетін қолданылуы шектеулі құжаттармен (құпия және қызметтік пайдалану үшін) жұмыс істеу тәртібінің сақталуын қамтамасыз етеді.

Комиссия Алқасының Комиссияның өз өкілеттіктерін жүзеге асыруы үшін қажетті ақпаратты Тараптардың билік органдарынан, заңды және жеке тұлғалардан сұратуға құқылы.

19-бап

Комиссия Алқасы өз шешімімен қызметі мен жұмыс тәртібін Комиссия Алқасы бекітетін консультативтік органдар туралы ережеде айқындалатын Комиссия Алқасының жанында консультативтік органдар құруға құқылы.

Комиссия Алқасы жанындағы консультативтік органдардың құрамына Тараптардың атқарушы билік органдарының уәкілетті өкілдері кіреді.

Консультативтік органдардың құрамына тәуелсіз сарапшылар қосылуы мүмкін.

Комиссия Алқасы жанындағы консультативтік органдар өз өкілеттіктерінің шегінде олардың құзыретіне жататын және олар бойынша Комиссия өз өкілеттіктері шегінде шешім қабылдайтын мәселелер бойынша Комиссия Алқасы үшін ұсыныстар әзірлеуді жүзеге асырады.

Комиссия Алқасының жанындағы Консультативтік органдардың қызметін ұйымдастырушылық-техникалық және қаржылық қамтамасыз етуді Комиссия жүзеге асырады.

Тараптардың мемлекеттік органдарының уәкілетті өкілдерінің Комиссия Алқасының жанындағы консультативтік органдардың жұмысына қатысуына байланысты шығыстарды жолдаушы Тараптар көтереді.

20-бап

Егер Кеден одағы мен Бірыңғай экономикалық кеңістіктің шарттық-құқықтық базасын құрайтын халықаралық шарттардың орындалуына Комиссия Алқасы жүргізген мониторингтің нәтижесінде Тараптардың бірі Кеден одағы мен Бірыңғай экономикалық кеңістіктің шарттық-құқықтық базасын қалыптастыратын халықаралық шарттарды және (немесе) Комиссияның шешімін орындамайды деп пайымдауға негіздер туындаса, онда Комиссия Алқасы дауыстардың үштен екісі қабылдаған шешіммен Тарапқа тиісті халықаралық шартты және (немесе) Комиссияның шешімін міндетті орындаудың қажеттілігі туралы хабарлама жібереді және Тараптың осы бұзушылықты жоюына міндетті мерзімді белгілейді.

Егер белгіленген мерзімде Тараптар осы баптың бірінші абзацында көрсетілген шешімді орындамаса, онда Комиссия Алқасына тиісті мәселені Комиссия Кеңесінің қарауына шығарады.

Егер Тараптар тиісті халықаралық шартты және (немесе) Комиссияның шешімін орындаудың қажеттілігі туралы Комиссия Кеңесінің шешімін белгіленген мерзімде орындамаса, онда Комиссия Алқасы Комиссия атынан Еуразиялық экономикалық қоғамдастық сотына осы Тараптың Кеден одағы мен Бірыңғай экономикалық кеңістіктің шарттық-құқықтық базасын қалыптастыратын халықаралық шарттарды және (немесе) Комиссияның шешімін орындамауы туралы өтінішпен шағымдануға құқығы бар.

Сонымен бірге Комиссия Алқасы Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес пен Комиссия Кеңесін тиісті өтініштің Еуразиялық экономикалық кеңес сотына жіберілуі туралы хабардар етеді.

Осы баптың үшінші абзацында көрсетілген өтінішті Еуразиялық экономикалық кеңес Сотының қарауының кез келген сатысында Еуразиялық экономикалық кеңес Соты өтінішпен шағымданған Комиссия атынан Комиссия Алқасының немесе Кеден одағы мен осы өтініште аталған Бірыңғай экономикалық кеңістіктің шарттық-құқықтық базасын қалыптастыратын халықаралық шарттардың және (немесе) Комиссия шешімдерінің орындалмауына байланысты құқығы бұзылған Тараптың атынан Алқаның қолдаухаты бойынша Еуразиялық экономикалық кеңес Сотына осы аталған қолдаухат келіп түскен күннен бастап 45 күн ішінде Еуразиялық экономикалық кеңес Соты шешімінің орындалуын қамтамасыз ету немесе Кеден одағы мен Бірыңғай экономикалық кеңістіктің шарттық-құқықтық базасын қалыптастыратын халықаралық шарттарда көзделген құқықтар мен заңды мүдделердің ықтимал бұзушылықтарының алдын алу мақсатында ақылға қонымды уақытша, оның ішінде қамтамасыз ету сипатындағы шаралар енгізу туралы мәселені қарайды.

Осы баптың бесінші абзацында көрсетілген қолдаухатты бергенге дейін іс бойынша тарап болып табылмайтын Тарап Еуразиялық экономикалық кеңес Сотына мүдделі тарап ретінде іске кірісуге рұқсат беру туралы қолдаухатпен жүгінуі тиіс.

21-бап

Комиссия Алқасы өз өкілеттіктері шегінде шешімдер мен ұсыныстар қабылдайды.

Комиссия Алқасы қабылдаған Комиссияның шешімдері мен ұсынымдарына Комиссия Алқасының Төрағасы қол қояды.

Комиссия Алқасы шешімдер мен ұсыныстарды консенсус немесе Комиссия Алқасы мүшелерінің жалпы санының үштен екі көпшілік басым дауысымен қабылдайды.

Консенсус арқылы немесе Комиссия Алқасы мүшелерінің жалпы санының үштен екі көпшілік басым дауысымен қабылданатын шешімдер мәселелерінің тізбесі Регламентпен айқындалады.

22-бап

Комиссия Алқасының отырысы аптасына кем дегенде 1 рет өткізіледі.

Комиссия Алқасының мүшелері отырысқа ауыстыру құқығынсыз өздері жеке қатысады. Комиссия Алқасының отырысына қатысу объективті мүмкін болмаған жағдайда Комиссия Алқасы мүшесінің өз ұстанымын Регламентте белгіленген тәртіппен, қаралатын мәселе құзыреті аясына кіретін Комиссия департаменті директорына оның ұстанымын ұсынуға құқық беруді Комиссия Алқасы Төрағасының келісімімен жазбаша немесе сенімхат бойынша жазуға құқылы. Бұл ретте Комиссия департаменті директорының дауыс беру кезінде дауыс құқығы жоқ.

Комиссия Алқасы мүшелерінің ең болмаса біреуінің өтініші бойынша Комиссия Алқасы Төрағасының шешімі негізінде кезектен тыс отырыстар өткізілуі мүмкін. Комиссия Алқасы отырыстарын өткізу тәртібі мен дауыс беру рәсімі Регламентпен белгіленеді.

Комиссия Алқасы отырысының күн тәртібі жобасы мәселелерінің әрқайсысы бойынша құжаттар мен материалдар жиынтығы Регламентке сәйкес міндетті тәртіппен Тараптарға жіберіледі.

23-бап

Комиссия Алқасының Төрағасы:

Комиссия Алқасының қызметін ұйымдастырады және оған жүктелген функцияларды орындауға жауапты болады;

Комиссия Алқасы мен Комиссия Кеңесі отырыстары жоспарының жобаларын және Комиссия Алқасының, Комиссия Кеңесі мен Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес отырыстарының күн тәртібін белгіленген тәртіппен кезекті кезеңге қалыптастырады;

Комиссия Кеңесіне және Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңеске Комиссия Кеңесінің және Жоғары Еуразиялық кеңестің шешімін талап ететін мәселелер туралы және оларды Комиссия алқасының қарауы нәтижелері бойынша тиісті ұсыныстары бар өзге де құжаттар туралы баяндайды;

Комиссия департаменттерінің жұмыс тәртібін белгілейді, сондай-ақ Комиссия департаменттерінің жүргізу саласына кіретін мәселелерді айқындайды;

Комиссия Алқасы, Комиссия Кеңесі және Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес отырыстарын дайындау бойынша жұмысты ұйымдастырады;

Комиссия Алқа отырыстарын жүргізуді жүзеге асырады;

Комиссия Кеңесінің отырыстарына қатысады;

Комиссия Кеңесінде Комиссия Алқасының атынан өкілдік етеді;

Комиссия Кеңесінде Комиссия Алқасы мүшелерінің келісімі бойынша Комиссия департаменттерін Комиссияның Алқа мүшелеріне бекіту жөнінде ұсыныстар береді;

бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерімен өзара іс-қимыл тәртібін, Комиссия департаменттері қызметкерлерінің жария сөз сөйлеу және қызметтік ақпарат беру қағидаларын айқындайды;

Комиссия Кеңесінің тапсырмасы бойынша үшінші елдер мен оның бірлестіктері қарым-қатынастарында Комиссия атынан өкілдік етеді;

Комиссияның қаржылық және материалдық құралдарына иелік етеді, азаматтық-құқықтық шарттар жасайды және сотқа қатысады;

конкурс нәтижелері бойынша Комиссия департаменттері директорларын және олардың орынбасарларын тағайындайды;

Комиссия атынан Комиссия департаменттері қызметкерлерімен еңбек шарттарын (келісімшарттар) жасайды;

Комиссия департаменттері туралы ережені бекітеді;

Комиссия Алқасы мүшелері ішінен Комиссия Алқасы Төрағасының уақытша міндеттерін атқарушысын тағайындайды;

департамент директорлары мен олардың орынбасарларына қатысты жалға алушы өкілінің өкілеттігін жүзеге асырады, атап айтқанда, лауазымдық регламенттерді бекітеді, демалыс кестелерін бекітеді, демалыс береді, іссапар туралы шешімдер қабылдайды;

осы Шарттың 15-бабында баяндалған негіздеме бойынша Комиссия Алқасы мүшесін шақырту туралы Тараптардың өтінімдерінде баяндалған фактілер бойынша тексерулер жүргізуді Комиссия Алқасының ұсынысы бойынша Комиссия Кеңесі бекітетін тәртіпте қамтамасыз етеді;

Комиссия Алқасы мен Комиссия департаменттерінің Регламентке сәйкес жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін қажетті өзге де функцияларды орындайды.

24-бап

Комиссия Алқасының мүшесі міндеттерді бөлуге сәйкес:

оның құзыретіне жататын мәселелер бойынша интеграцияны тереңдету жөнінде ұсыныстар дайындауды жүзеге асырады;

оның құзыретіне жататын мәселелер бойынша Комиссия Алқасы мен Комиссия Кеңесінің отырыстарында баяндайды;

Комиссия жетекшілік ететін департаменттердің қызметін үйлестіреді және бақылайды;

оның құзыретіне жататын мәселелер бойынша Комиссия Алқасының шешімдері мен ұсынымдарының жобаларын дайындайды;

оның құзыретіне жататын мәселелер бойынша Кеден одағы мен Бірыңғай экономикалық кеңістікті қалыптастыру бойынша халықаралық шарттардың орындалуына мониторингті жүзеге асырады;

Тараптардың оның құзыретіне жататын мәселелер бойынша Комиссия шешімдерінің орындалуына мониторинг жүзеге асырады;

оның құзыретіне жататын мәселелер бойынша Комиссияға түскен Тараптардың ұсыныстарына жазба түрінде сараптамалық қорытындылардың жобаларын дайындайды ;

Комиссия Алқасының өкілеттіктері шегінде оның құзыретіне жататын мәселелер бойынша Тараптардың мемлекеттік билік органдарымен өзара іс-қимылды жүзеге асырады, оның ішінде Тараптардың билік органдарынан, заңды және жеке тұлғалардан өз өкілеттіктерін жүзеге асыру үшін қажетті ақпаратты сұратады;

Комиссия Кеңесі қабылдайтын халықаралық шарттардың, Комиссия шешімдері мен ұсынымдарының жобаларын, сондай-ақ оның құзыретіне жататын мәселелер бойынша Комиссияның өкілеттіктерін іске асыру үшін қажетті өзге де құжаттарды әзірлеуді қамтамасыз етеді;

оның құзыретіне жататын мәселелер бойынша Комиссия Алқасының жанында консультативтік органдар құру туралы ұсыныстарды Комиссия Алқасының қарауына енгізеді.

25-бап

1. Комиссия Алқасы мүшелері әлеуметтік кепілдіктер көлемі бойынша өкілеттіктерін атқарған кезеңде Комиссия орналасқан Кеден одағына мүше

мемлекеттердің федералдық министріне (министрге) теңестіріледі. Комиссия Алқасының мүшесіне өз өкілеттіктерін атқарған кезеңде ұсынылатын әлеуметтік кепілдіктерге:

а) ұзақтығы күнтізбелік 45 күн болатын жыл сайынғы ақылы демалыс;

б) мемлекеттік қызметшілер (федералды мемлекеттік азаматтық қызметшілер) үшін олар азаматы болып табылатын мемлекеттің, заңнамасында көзделген әлеуметтік кепілдіктерді берген кезде Комиссия Алқасы мүшесінің өкілеттіктерін атқару уақытын мемлекеттік (мемлекеттік азаматтық) қызмет өтіліне, сондай-ақ министр (федералды министр) үшін азаматы Комиссия Алқасының мүшесі болып табылатын мемлекеттің заңнамасында көзделген зейнетақылық (әлеуметтік) қамтамасыз ету (зейнетақыға ай сайынғы қосымша ақы) мөлшерін (құқығын) айқындаған кезде федералды министр өкілеттіктерін атқару ұзақтығына енгізу;

в) Комиссияның бюджеті есебінен жүзеге асырылатын әлеуметтік-тұрмыстық, медициналық, санаториялық-курорттық және көліктік қызмет көрсету;

г) Комиссия орналасқан қаланың аумағында тұрғын үй алаңы жоқ Комиссия Алқасының мүшелеріне Комиссия бюджеті есебінен жүзеге асырылатын қызметтік тұрғын үй-жай беру;

д) болу мемлекетінің заңнамасында белгіленген тәртіпте міндетті әлеуметтік сақтандыру (зейнетақылық сақтандырудан басқа) және міндетті әлеуметтік сақтандыру бойынша жәрдемақылармен қамтамасыз ету жатады. Бұл ретте Комиссия Алқасы мүшелерінің пайдасына төлемдерден міндетті әлеуметтік сақтандыруға (зейнетақылық сақтандырудан басқа) сақтандыру жарналарын төлеуді болу мемлекетінің заңнамасында белгіленген тәртіппен Комиссия бюджетінің есебінен жүзеге асырылады.

2. Комиссия Алқасының мүшелеріне ұсынылатын әлеуметтік кепілдіктерді қамтамасыз етуге байланысты, оның ішінде әлеуметтік-тұрмыстық, медициналық, санаториялық-курорттық және көліктік қызмет көрсету мәселелерін әлеуметтік-тұрмыстық, медициналық, санаториялық-курорттық және министрге (федералды министрге) өзге де қызмет көрсетуді жүзеге асыратын болу мемлекетінің құзыретті органы шешеді.

3. Комиссия Алқасы мүшелерін зейнетақылық қамтамасыз ету олар азаматтары болып табылатын мемлекеттің заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады. Бұл ретте әр Тарап мемлекеттерінің заңнамасында белгіленген зейнетақылық қамтамасыз етуге аударымдарды Комиссия Алқасының мүшелері азаматтары болып табылатын мемлекеттердің әрқайсысының тиісті қорларына оның бюджеті есебінен жүргізіледі. Зейнетақылық қамтамасыз етуді төлеуге арналған шығыстарды Комиссия Алқасының мүшелері азаматтары болып табылатын мемлекет көтереді.

Комиссияның Алқа мүшелеріне міндетті әлеуметтік сақтандыру бойынша зейнетақы немесе жәрдемақы тағайындаған кезде Комиссия Алқа мүшесінің өкілеттіктерін атқарған кезеңі сақтандыру немесе еңбек өтіліне есептеледі.

Аталған тұлғалардың Комиссия Алқа мүшесінің өкілеттіктерін атқарған кезеңде алған жалақылары өздері азаматтары болып табылатын мемлекеттің заңнамасына сәйкес зейнетақы мөлшерін айқындаған кезде, ал әлеуметтік сақтандыру жәрдемақыларын айқындаған кезде - олар жұмыс істейтін мемлекет аумағының заңнамасына сәйкес ескеріледі.

Ресей Федерациясының азаматтары болып табылатын, өз өкілеттіктерін тоқтатқан Комиссия Алқасы мүшелерінің (осы Шарттың 15-бабында көзделген өкілеттіктерді мерзімінен бұрын тоқтату жағдайларын қоспағанда) қарттығына байланысты (мүгедектігі бойынша еңбек зейнетақысы) еңбек зейнетақысына ай сайынғы қосымша ақы белгілеуге құқығы бар. Зейнетақыға ай сайынғы қосымша ақы федералды министр үшін Ресей Федерациясының заңнамасында көзделген мөлшерде, тәртіппен және шарттарда белгіленеді. Зейнетақыға ай сайынғы қосымша ақы белгілеу туралы шешімді халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі атқарушы биліктің федералды органының басшысы қабылдайды. Зейнетақыға ай сайынғы қосымша ақы оларға федералдық бюджеттің қаражаты есебінен белгіленеді.

26-бап

Комиссия Алқасының мүшелері Тараптардың әрқайсысының аумақтарында Еуразиялық экономикалық қоғамдастық органдарының лауазымды тұлғалары үшін 2001 жылғы 31 мамырдағы Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың артықшылықтары мен иммунитеттері туралы Конвенцияға сәйкес артықшылықтар мен иммунитеттерді пайдаланады.

IV бөлім. Комиссия департаменттері

27-бап

Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес, Комиссия Кеңесі және Комиссия Алқасының қызметін қамтамасыз етуді Комиссияның департаменттері жүзеге асырады.

Комиссия департаменттерінің құрамы Комиссияның қызметкерлерінен тұрады.

Комиссия Департаменттерінің директорлары мен олардың орынбасарларын 4 жыл мерзімге конкурстық негізде Комиссия Алқасының Төрағасы тағайындайды.

Конкурс өткеннен кейін департамент директорының кандидатурасын Алқа Комиссиясы мақұлдайды.

Жұмысқа қабылданатын департаменттер директорлары мен олардың орынбасарлары мынадай талаптарға сай:

Тараптардың бірінің азаматтығының болуы;

кәсіби дайындығының (біліктілігінің) және лауазымдық міндеттеріне сәйкес келетін бейіні бойынша кем дегенде 5 жыл жұмыс өтілінің болуы қажет.

Комиссия департаменттері Комиссия Алқасының ұсынысы бойынша атқаратын лауазымының тиісті біліктілік талаптарына жауап беретін Тараптардың азаматтары ішінен конкурстық негізде Комиссия Кеңесі бекітетін қызметкерлерден жинақталады.

Конкурсты өткізу тәртібі, еңбек шартын (келісімшарт) жасасуды, оны ұзарту және бұзуды Комиссия Алқасының ұсынысы бойынша Комиссия Кеңесі бекітеді.

Беларусь Республикасының, Қазақстан Республикасының, Ресей Федерациясының азаматтары болып табылатын қызметкерлердің үлесі Регламентте анықталған, департаменттердің жалпы шекті штат санының деңгейінде, лауазымның әрбір санаты бойынша ұсынылуы тиіс. Бұл ретте әр Тараптың азаматтары лауазымдардың әр санаты бойынша ұсынылған болуы тиіс.

Комиссияның қызметкерлері жұмысқа Комиссия Алқасының Төрағасымен жасалатын еңбек шарттары (келісімшарттар) негізінде жұмысқа қабылданады.

28-бап

Комиссия департаменттері:

а) Кеден одағы мен Бірыңғай экономикалық кеңістікті қалыптастыру және жұмыс істеуі мәселелері бойынша материалдар, шешімдер мен ұсынымдар жобаларын дайындау, оның ішінде Комиссия Алқасы мүшелерінің қарауы үшін халықаралық шарттарды жасау және өзгерту бойынша ұсыныстар дайындау;

б) нәтижелерді Алқа мүшелерінің қарауына ұсыну үшін Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің, Комиссия Кеңесі мен Комиссия Алқасының мүшелері қабылдаған шешімдердің орындалуы, Кеден одағы мен Бірыңғай экономикалық кеңістіктің шарттық-құқықтық базасын құрайтын халықаралық шарттар ережелерін Тараптардың сақтауы бойынша мониторингті жүзеге асырады;

в) Кеден одағы мен Бірыңғай экономикалық кеңістіктің шарттық- құқықтық базасын реттейтін салалардағы Тараптардың әрқайсысының заңнаманы мониторингтеу және талдау нәтижелері бойынша Алқа мүшелеріне ұсыныстар дайындауды жүзеге асырады;

г) Кеден одағы мен Бірыңғай экономикалық кеңістікті қалыптастыру және жұмыс істеуі үшін қажетті халықаралық шарттардың жобалары мен өзге де құжаттарды дайындауды жүзеге асырады;

д) Тараптардың мемлекеттік билік органдарымен өзара іс-қимыл жасайды;

е) Комиссия бюджетінің жобасын әзірлеу және оны орындау, сондай-ақ оның орындалуы туралы есептердің жобаларын дайындауды жүзеге асырады;

ж) Кеден одағы мен Бірыңғай экономикалық кеңістік шеңберінде жасалған халықаралық шарттардың депозитарий функциясын Комиссияның орындауын қамтамасыз етеді;

з) Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес шешімі, Комиссия мен Алқа мүшелерінің шешімімен Кеден одағы мен Бірыңғай экономикалық кеңістіктің шарттық-құқықтық базасын қалыптастыратын халықаралық шарттарда айқындалған, оның ішінде олардың жұмыстарын ұйымдастыру және Комиссия қызметін ақпараттық-техникалық қамтамасыз етуге бағытталған өзге де функцияларды, міндеттерді жүзеге асырады.

29-бап

Комиссия қызметкерлері халықаралық қызметшілер болып табылады.

Өздерінің қызметтік міндеттемелерін орындау кезінде қызметкерлер мемлекеттік органдар мен тараптардың лауазымды тұлғаларынан тәуелсіз және Тараптардың билік органдарынан немесе ресми тұлғаларынан сұрату немесе нұсқаулар ала алмайды.

Әрбір Тарап қызметкерлердің мәртебесін сыйлауға және оларға қызметтік міндеттемелерін орындауы кезінде ықпал жасамауға міндеттенеді.

Комиссия жұмыс істеген кезде оның қызметкерлері өз өкілеттіктерінің барлық мерзімі бойы оқытушылық, ғылыми немесе басқа шығарамашылық қызметті қоспағанда, осы жұмысты басқа жұмыспен қоса атқаруға немесе өзге де ақы төленетін қызметпен айналысуға құқығы жоқ.

30-бап

1. Комиссия Алқасының мүшелері, сондай-ақ Комиссия департаменттерінің қызметкерлері Комиссия Кеңесі белгілеген тәртіп пен мерзімде жыл сайын өз табыстары, мүлкі және мүліктік сипаттағы міндеттемелері туралы, сондай-ақ өз отбасының табысы, мүлкі және мүліктік сипаттағы міндеттемелері туралы мәліметтерді Комиссияға ұсынады.

2. Комиссия Алқасының мүшелері, сондай-ақ Комиссия департаменттерінің қызметкерлері осы бапқа сәйкес ұсынатын табыстар туралы, мүлкі және мүліктік сипаттағы міндеттемелері туралы мәліметтер құпия сипаттағы мәліметтер болып табылады.

3. Комиссия Алқасы мүшелерінің, сондай-ақ Комиссия департаменттері қызметкерлерінің табысы туралы, мүлкі және мүліктік сипаттағы міндеттемелері туралы мәліметтерді жария еткен айыпты тұлғалар әрбір Тараптың заңнамасына сәйкес жауапкершілікке тартылады.

4. Комиссия Алқасы мүшелерінің, Комиссия департаменттері қызметкерлерінің, сондай-ақ олардың отбасы мүшелерінің табысы туралы, мүлкі және мүліктік сипаттағы міндеттемелері туралы мәліметтердің дұрыстығы мен толықтығын тексеру мемлекет басшылары деңгейінде Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес бекіткен тәртіппен жүзеге асырылады.

5. Осы бапта Комиссия Алқасы мүшелерінің, Комиссия департаменттері қызметкерінің жұбайы және кәмелетке толмаған балалары отбасы мүшелері болып табылады.

6. Комиссия Алқасының мүшелері, Комиссия департаменттерінің қызметкерлері Комиссия Алқасы мүшелері мен Комиссия департаменттері қызметкерлерінің жеке мүдделілігінің болуы тұрғысынан туындауы мүмкін мүдделері дауын реттеу немесе болдырмау шараларын қабылдауға міндетті.

31-бап

1. Комиссия қызметкерлерінің еңбек қатынастары болу мемлекетінің заңнамасымен реттеледі.

2. Комиссиядағы қызметкерлердің жұмыс уақыты мемлекеттік (мемлекеттік азаматтық) қызметті өткеруі кезеңінде әлеуметтік кепілдерді белгілеу үшін және федералдық мемлекеттік азаматтық қызметшілердің (мемлекеттік қызметшілердің) жұмыс істеген жылдарына зейнетақы тағайындау үшін олар азаматы болып табылатын мемлекеттің мемлекеттік (мемлекеттік азаматтық) қызметінің өтіліне қосылады.

3. Комиссия қызметкерлерін олардың Комиссияда қызметтік міндеттемелерін атқаруы кезеңінде әлеуметтік-тұрмыстық, медициналық, санаториялық-курорттық және көліктік қызмет көрсетулермен қамтамасыз ету Комиссия бюджетінің есебінен жүзеге асырылады.

Комиссия қызметкерлеріне ұсынылатын әлеуметтік, оның ішінде әлеуметтік-тұрмыстық, медициналық, санаториялық-курорттық және көліктік кепілдіктерді қамтамасыз етуге байланысты мәселелерді Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес бекітетін комиссия департаменттерінің қызметкерлері лауазымдарының көрсетілген мемлекеттік орган қызметкерлерінің лауазымдарына сәйкестігі тізбесіне сәйкес болу мемлекеті үкіметінің қызметін қамтамасыз ететін мемлекеттік орган қызметкерлеріне әлеуметтік-тұрмыстық, медициналық, санаториялық-курорттық және өзге де қызмет көрсетуді жүзеге асыратын болу мемлекетінің құзыретті органы шешеді.

4. Комиссия орналасқан қала аумағында тұрғын-үй алаңы жоқ Комиссия қызметкерлеріне Комиссия бюджетінің есебінен қызметтік тұрғын үй-жай беріледі.

5. Комиссия қызметкерлерін зейнатақымен қамтамасыз ету олар азаматы болып табылатын мемлекеттің заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады. Бұл ретте, әрбір Тараптың заңнамасында белгіленген зейнетақылық қамтамасыз етуге арналған аударымдарды Комиссия өз бюджеті есебінен Комиссия қызметкерлері азаматтары болып табылатын мемлекеттің тиісті қорларына жүргізеді. Зейнетақылық қамтамасыз ету төлеміне арналған шығыстарды Комиссия қызметкерлері азаматтары болып табылатын мемлекет төлейді.

6. Комиссия қызметкерлерін міндетті әлеуметтік сақтандыру (зейнетақылық сақтандырудан басқа) және міндетті әлеуметтік сақтандыру бойынша жәрдемақылармен қамтамасыз ету болу мемлекетінің заңнамасында белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады. Бұл ретте, Комиссия қызметкерлерінің пайдасына міндетті әлеуметтік сақтандыруға (зейнетақылық сақтандырудан басқа) төлемнен сақтандыру салымдарын төлеу болу мемлекетінің заңнамасында белгіленген тәртіпте Комиссия бюджеті есебінен жүзеге асырылады.

7. Комиссия қызметкерлеріне зейнетақы немесе міндетті әлеуметтік сақтандыру бойынша жәрдемақылар тағайындау кезінде сақтандыру немесе еңбек өтіліне Комиссиядағы жұмыс кезеңі есептеледі.

Комиссияда қызметтік міндеттерін орындауы кезеңінде көрсетілген тұлғалардың алған жалақысы өздері азаматы болып табылатын мемлекеттің заңнамасына сәйкес, ал міндетті сақтандыру бойынша жәрдемақы мөлшерін айқындау кезінде өздері аумағында жұмыс істейтін мемлекеттің заңнамасына сәйкес зейнетақы мөлшерін белгілеу кезінде ескеріледі.

8. Ресей Федерациясының азаматтары болып табылатын, Комиссия жұмысына дейін федералдық мемлекеттік (мемлекеттік азаматтық) қызмет, лауазымында істеген, Комиссияда атқарған лауазымнан босатылған (кінәлі әрекеттеріне байланысты босатылған жағдайларды қоспағанда) және мемлекеттік (мемлекеттік азаматтық) қызметте кемінде 15 жыл өтілі бар Комиссия қызметкерлерінің, егер олар тікелей Комиссиядағы қызметінен босатылу алдында онда кемінде толық 12 ай лауазымда болған жағдайда, федералдық мемлекеттік азаматтық қызметшілер үшін Ресей Федерациясы заңнамасында көзделген тәртіпте еңбек еткен жылдарына зейнетақы алуға құқығы бар. Еңбек еткен жылдарына зейнетақы белгілеу туралы ұсынымды (шешімді) Комиссия алқасының ұсынысы бойынша олар азаматтары болып табылатын мемлекеттің әлеуметтік қорғау жөніндегі мемлекеттік атқарушы билік органының басшысы қабылдайды.

Еңбек еткен жылдарына зейнетақы мөлшері шекті мөлшері Еуразиялық экономикалық комиссия департаменттерінің қызметкерлері лауазымдарының Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңесі бекітетін көрсетілген мемлекеттік орган қызметкерлерінің лауазымдарына сәйкестігі тізбесіне сәйкес федералдық мемлекеттік қызмет лауазымдарына теңестірілу бойынша белгіленген лауазымдық жалақыға (ақшалай сыйақыға) қатысты айқындалатын лауазымды тұлғаның немесе қызметкердің орташа айлық еңбекақысы негізге алына отырып есептеледі.

Еңбек еткен жылдарына зейнетақы Ресей Федерациясының заңнамасы бойынша федералдық бюджет қаражаты есебінен тағайындалады.

Комиссия департаменттерінің қызметкерлері Тараптар аумақтарында Еуразиялық экономикалық қоғамдастығының Интеграциялық комитеті хатшылығының лауазымды тұлғалары және қызметкерлеріне арналған 2001 жылғы 31 мамырдағы Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың артықшылықтары мен иммунитеттері туралы конвенцияда белгіленген артықшылықтар мен иммунитеттерді пайдаланады.

Комиссия кеңесі көрсетілген Конвенцияда көзделген негіздер бойынша Комиссия қызметкерлерінен артықшылықтар мен иммунитеттерді алу туралы шешім қабылдауы мүмкін.

V бөлім. Қорытынды ережелер

33-бап

Комиссияның жұмыс тілі - орыс тілі.

34-бап

Комиссияның тұратын орны - Мәскеу қаласы.

Комиссия мен оның өкілдіктерінің тұру шарттары Комиссия және болу мемлекеті арасындағы жекелеген халықаралық шарттармен айқындалады.

Кеден одағы мен Бірыңғай экономикалық кеңістіктің шарттық-құқықтық базасын құрайтын халықаралық шарттарды кодификациялау аяқталғаннан кейін Еуразиялық экономикалық одақ институттарының тұрақты орындары Еуразиялық экономикалық одақ туралы Шартпен айқындалатын болады.

35-бап

Осы Шартқа қатысты ескертпелерге жол берілмейді.

36-бап

Осы Шартқа жеке хаттамалармен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

37-бап

Тараптар арасындағы осы Шарт ережелерін түсіндіру және (немесе) қолдануға байланысты даулар мүдделі Тараптардың консультациялары мен келіссөздері жолымен шешіледі, ал бір Тараптың екінші Тарапқа жіберген консультациялар мен келіссөздер

жүргізу туралы ресми жазбаша өтініші келіп түскен күнінен бастап 6 айдың ішінде келісімге қол жеткізілмеген жағдайда даулар Еуразиялық экономикалық қоғамдастық Сотының қарауына беріледі.

38-бап

Осы шарт ратификациялауға жатады.

2012 жылғы 1 қаңтарға дейінгі Кеден одағы Комиссиясының қолданыстағы шешімдері өзінің заңды күшін сақтайды.

Осы баптың екінші абзацында көрсетілген Кеден одағы Комиссиясының шешімдеріне өзгерістер енгізілуі мүмкін немесе олардың күші жойылды деп танылуы мүмкін.

Кеден одағы мен Бірыңғай экономикалық кеңістіктің шарттық-құқықтық базасын құрайтын халықаралық шарттар депозитарийінің функциялары 2012 жылғы 1 шілдеден кешіктірмей Еуразиялық экономикалық қоғамдастығының Интеграциялық комитеті мен Кеден одағы Комиссиясынан Еуразиялық экономикалық комиссияға беріледі.

Осы Шартта Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес Тараптар мемлекеттері басшылары деңгейіндегі және үкіметтері басшылары деңгейіндегі Мемлекетаралық Кеңесін (Кеден одағының жоғары органы) білдіреді.

Осы Шартқа қол қойылған күнінен бастап Кеден одағы мен Бірыңғай экономикалық кеңістіктің шарттық-құқықтық базасын қалыптастыратын халықаралық шарттарға, сонымен қатар Кеден одағы мәселелері бойынша Еуразиялық экономикалық қоғамдастығының Мемлекетаралық Кеңесінің және Бірыңғай экономикалық кеңістіктің шешімдеріне сәйкес Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес Еуразиялық экономикалық қоғамдастығының Мемлекетаралық Кеңесіне (Кеден одағының жоғары органы) берілген өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Депозитарий осы Шарттың күшіне енуі үшін қажетті мемлекетшілік рәсімдерді орындау туралы Тараптардан соңғы хабарламаны алған күнінен бастап, осы Шарт күшіне енеді.

39-бап

Осы Шарт қол қойылған күнінен бастап уақытша қолданылады.

Осы Шартқа қол қойылған күнінен бастап және оның осы Шарттың 38-бабының жетінші абзацында көзделген тәртіппен күшіне ену күніне дейін:

2007 жылғы 6 қазандағы Кеден одағы Комиссиясы туралы шартқа сәйкес құрылған Кеден одағы Комиссиясы Кеден одағы мен Бірыңғай экономикалық кеңістіктің халықаралық шарттарында көзделген Кеден одағы Комиссиясының өкілеттіктерін жүзеге асырады;

Комиссия Алқасы, Комиссия департаменттерін қалыптастыру және Комиссия қызметкерлерімен еңбек қатынастарын ресімдеу бойынша өкілеттіктерді қоса алғанда, комиссияның жұмысын ұйымдастыруға байланысты өкілеттіктерді ғана Комиссия жүзеге асырады.

Осы Шартқа қол қойылған күнінен бастап 2012 жылғы 1 шілдеге дейін Комиссия жұмысын ұйымдастыру және ақпараттық-техникалық қамтамасыз етуді Кеден одағы Комиссиясының Хатшылығы жүзеге асырады.

Осы Шарттың 38-бабының жетінші абзацында көзделген тәртіппен осы Шарттың күшіне енген күнінен бастап Кеден одағының Комиссиясы таратылады, ал Кеден одағы мен Бірыңғай экономикалық кеңістіктің шарттық-құқықтық базасын қамтитын халықаралық шарттарға, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық қоғамдастығының Мемлекетаралық кеңесінің (Кеден одағының жоғары органы) шешімдеріне сәйкес Кеден одағы Комиссиясына берілген өкілеттіктер Комиссияға беріледі.

Осы Шарттың 38-бабының жетінші абзацында көзделген тәртіппен осы Шарттың күшіне енген күнінен бастап 2007 жылғы 6 қазандағы Кеден одағы Комиссиясы туралы Шарттың қолданылуы тоқтатылады.

Мәскеу қаласында 2011 жылғы 18 қарашада орыс тілінде бір түпнұсқа данада жасалған.

Осы Шарттың түпнұсқалық данасы өз функцияларын Еуразиялық экономикалық комиссияға тапсырғанға дейін Кеден одағының Комиссиясы болып табылатын депозитарийде сақталады. Депозитарий әрбір Тарапқа осы Шарттың расталған көшірмесін жібереді.

Беларусь Республикасы
үшін

Қазақстан Республикасы
үшін

Ресей Федерациясы
үшін

Беларусь Республикасы үшін - Беларусь Республикасының Президенті
А.Г.Лукашенко,

Қазақстан Республикасы үшін - Қазақстан Республикасының Президенті
Н.Ә.Назарбаев,

Ресей Федерациясы үшін - Ресей Федерациясының Президенті Д.А.Медведев

Осы мәтін Мәскеу қаласында 2011 жылғы 18 қарашада қол қойылған Еуразиялық экономикалық комиссия туралы шарттың толық және дәлме-дәл көшірмесі болып табылатындығын растаймын.

Түпнұсқаның данасы Кеден одағы Комиссиясында сақталады.

Барлық 27 бет тігілген,
қолтаңба мен мөртаңбасы
қойылған

Кеден одағы Комиссиясы Хатшылығының
Құқықтық департаментінің директоры

Н.Б.Слюсарь

Бұл мәтін 2011 жылғы 18 қарашада Мәскеу қаласында жасалған Еуразиялық экономикалық комиссия туралы шарттың расталған көшірмесінің расталған көшірмесі болып табылады.

Қазақстан Республикасы

Сыртқы істер министрлігі

Халықаралық-құқықтық департаментінің

басқарма бастығы

Д. Есентаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК